

## ТЕАТР МӘДЕНИЕТІН ХАЛЫҚ ТІЛЕГІНЕ САЙ ДӘРЕЖЕГЕ КӨТЕРЕЙІК



Қазақ халқының көркем өнері, оның қалыптасқан таланттары тек Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін, большевиктер партиясының ұлт саясатын жүзеге асыруының арқасында ғана жарыққа шықты. Ел партия мен үкіметіміздің, ерекше көңіл бөлуінің арқасында халқымыздың түрі ұлттық, мазмұны социалистік көркемөнері шарықтап өсті, өсе де бермек. Халық жауы – ұлтшыл-фашистер қазақ халқының күн-көрісін, социалистік ұлы арнаға түскен көркем өнерін көре алмады, іштері күйді. Қолдарына келген қастықтарын істеп бақты.

Кейінгі кезге дейін Қазақстан көркемөнер істері басқармасында, театрға еніп кеткен «халық жаулары» қолынан келген қаскүнемдіктерін істеді. Қазақ көркемөнерінің жаңа, талантты кадрларының еркін өсуіне бөгет жасады. Зрительді актерлерден, көркемөнерді халықтан алыстату әрекетін жүргізді. Жас актерлерді мәдениеттілікке баулу, саяси-идеялық біліммен қаруландыру жұмысы мүлде жүргізілмеді. Актерлер арасында өз беттерімен оқып, білім алу, көркемөнерде жетілу ісі болмады. Кейбір актерлер: «Әскери өнер деген не дейсің, тәрізі, қазақтың қойшы, бай, молда, болыстарының рөлін кез келген уақытта ойнаймын» – деген надандықтан сау болған жоқ. Осының бәрі халық жауларының зиянкестігінің салдары еді. Расын айтқанда, жаулардың зиянкестігінің осы зардабы әлі жойылып біткен жоқ.

Сондықтан театр мәдениетіне жетілудің ең бірінші міндеті – оқу, актерлік өнерді, саяси-идеялық білімді барған сайын өрлету. Зиянкестіктің зардабы саяси білімге әбден жетілу арқасында жойылады. Мұны әбден ұғу керек.

Совет өнерін құрушылардың бірі, бастысы К.С. Станиславский: «Актер болу деген – үлкен атақ. Әрбір актер өнер майданында теориялық және практикалық жағынан қаруланған жауынгер екенін халық алдында көрсете білуге тиіс. Ол үшін актерлер қай жағынан болса да өздерінің зрительдерімен қатар өсуі, тіпті мәдениеттілік жағынан үлгі көрсететіндей, барған сайын асып түсіп өсуі керек» – дейді. Біздің актерлеріміз актерлікті осы мағынада түсіне ме? Ашығын айту керек, бұл түсінікке әлі жеткен жоқ. Өздерінің зрительдерімен қатар өсе алмай, артта қалып отыр.

Жаңа бір кемшілік: театрымыз өзінің мәдениет ордасы болуға тиісті екендігін халық әлі түсінген жоқ. Зрительдер сахнадан ойын көрумен бірге дем алып қайтуларына жағдай болу керек. Театр да, актер де халық үшін, зритель үшін қызмет етеді. Міне, осы абыройлы міндетті білу қажет. Бірақ, мұны біздің Қазақстан театрының көпшілігінен көре алмай отырмыз.

Мынадай бір ұсақ мәселені алайық: тіпті астаналық театрларымыздың қай-қайсысында да ойын көруге келген халық спектакль бітер-бітпестен-ақ вешалкаға қарай жүгіреді. Әрине, бұған зритель кінәлі емес. Өйткені, ол қызықты ойын көруге, театрдан тынығып қайтуға келеді. Ал театрларымыз (соның ішінде филармония, академиялық драма театры) оларды қадірлей

білмейді; зритель киімін алу кезінде бір сағаттай уақытын босқа өткізеді. Киім жоғалу фактісі де болмай қалмайды. Зрительдің бұлай ойын көруді қаламайтынына талас болмауға тиіс.

Міне, бұл – театрдың мәдениетсіздігі, халықты қадірлей білмеуі. Сонымен қатар, астаналық театрларымыздың көпшілігінің залында зрительді тәрбиелейтін, оның сана-сезімін арттыратын сурет, диаграмма, карта сияқты элементарлық нәрселер болмайды. Зрительдің актерлерді, актерлердің зрительді құрметтеуі, сыйлауы бізде әлі әдетке кірген жоқ. Бұл да – зиянкестердің, актерді тек «ойнап көрсетуші», театрды тек «ойын көрсету орны» деп істеген зиянкестігінің зардабы. Мұны да жоя білуіміз керек.

Сонда ғана біз актерлерімізді де, театрларымызды да мәдениеттілікке жеткізетін боламыз. Бұған ең алдымен театрларымыздың жұртшылығы, Қазақстан көркемөнер істерінің басқармасы жауапты.

*«Социалды Қазақстан», 1938, 29 қараша*